

"ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ" БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСЕТІН ҚАРАЖАТТЫ БӨЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 29 желтоқсан 1993 ж. N 1308

Қазақстан Республикасы Президентінің "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорынының қызметі туралы" 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 1168 U931168_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорынын құру жөніндегі келісімдер мен шарттарды бекіту туралы" 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 260 P930260_ қаулысына қосымша ретінде "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорынының қызметінен түсетін қаражатты бөлудің және пайдаланудың мынадай тәртібі белгіленсін:

1993 жылғы 2 сәуірдегі "Жоба жөніндегі келісімнің" 2-бабына сәйкес "Шеврон" корпорациясы төлейтін төлемдер, сондай-ақ "Жоба жөніндегі келісімнің" 7-бабына сәйкес төленетін роялтидің барлық түрі республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі Қаржы министрлігінің валюта шотына аударылып, кейіннен теңгеге шағылады;

"Жоба жөніндегі келісімнің" 6 (B) бабына сәйкес 30 проценттік ставка бойынша "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорыны төлейтін оның пайдасына салынатын салық тиісті жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалатын мөлшерде республикалық және Атырау облыстық бюджеттеріне еркін айналыстағы валютамен түскенде олардың валюта шоттарына аударылып, кейіннен міндетті түрде теңгеге шағылады, ал теңгемен түссе - республикалық бюджетке және Атырау облысының жергілікті бюджеттеріне аударылады;

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорыны төлейтін қосымша құнға салынатын салық теңгемен жағдайда республикалық бюджеттің кірісіне және Атырау облысының жергілікті бюджеттеріне, ал еркін айналыстағы валютамен төленген жағдайда - тиісті жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы айқындайтын проценттік мөлшерде кейіннен міндетті түрде теңгеге шағылып, республикалық және облыстық бюджеттердің валюта шоттарына аударылады;

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорыны төлейтін басқа да салықтар мен төлемдер теңгемен төленген жағдайда республикалық бюджеттің кірісіне және Атырау облысының жергілікті бюджеттеріне, ал еркін айналыстағы валютамен төленген жағдайда - кейіннен міндетті түрде теңгеге шағылып, республикалық және Атырау

облысы бюджеттерінің валюта шоттарына аударылады. Есептеу "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалатын ставкалар бойынша жүргізіледі.

2. Республикалық бюджетке түсіп, есеп шотқа аударылған қаражат Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті айқындайтын бағыттар бойынша пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК